



«Жасанды интеллект: теориядан практикаға» тақырыбындағы қалалық семинар-практикум БАҒДАРЛАМАСЫ

Семинар мақсаты:

Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесінде қолданудың тиімді жолдарын көрсету, педагогтар арасында тәжірибе алмасу аянын құру, жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, цифрлық дағдыларын дамыту, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне заманауи цифрлық құралдарды тиімді енгізу арқылы оқу-тәрбие сапасын жетілдіру.

Өту уақыты: 21 қараша 2025 жыл

Өту орны: "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің" №5 "Сәулелік" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Қатысушылар: ҚББ әдіскері Алиева Ж.С., «Самға» желілік қауымдастығының модераторы А.А. Тапауова және әдіскерлері, 1,2,3,4,6,7,8,9,10,11,12, 13, 14, 16, 17,19,20 бөбекжайлар, "Аманат", "Наррі kids", "Алмаз-І", АО "Талап", "Алина", "Айлин", "Айлин-4", "Айлин-6", "Вундеркинд" жеке балабақшасы тәрбиешілері

Уақыты	Мазмұны
09.00 -09.30	Семинарға қатысушыларды тіркеу
09.30-09.35	Алғы сөз: ҚББ-әдіскері Ж.С.Алиева, «Самға» желілік қауымдастығының модераторы А.А. Тапауова, №5 «Сәулелік» бөбекжайының меңгерушісі Р.С. Қуанышқалиева
09.40-10.00	«Әуелді сәлем» музыка жетекшілері Серғалиева А.Е., Гусманов Т.Е. Тренинг: «AI Emotions» №5 «Сәулелік» бөбекжайы педагог-психологі Маликова Кунсулу Ербәкітовна
10.00-10.10	1.AI StoryLab шеберлері Тақырыбы: «Қиял мен технология түйіскен сәт: 3D мультфильм мен ертегі жасау өнері» шеберлік сыныбы №15 "Ақбота" бөбекжайы МКҚК қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Нұрғиза, және педагог-асистент Сақипова Динара Дайыровна
10.10-10.20	2. SmartPlayer Lab мамандары Тақырыбы: «Жасанды интеллект-ақылды көмекші» №36 «Балабай» бөбекжайы тәрбиешісі: Маханаса Динара Нұрбағлановна, педагог-психолог Кабасова Альбина Ерболовна.

10.20- 10.30	Тақырыбы: «Бөбекжайда цифрлық серіктес: жасанды интеллектті ойын мен оқуға енгізу» әдіскер Ихсанова Гүлнара Есмағұловна
10.30-10.45	3. Digital Play Archіvest мамандары Тақырыбы: «Бөбекжайда цифрлық серіктес: жасанды интеллектті ойын мен оқуға енгізу» №41 «Ақ тілек» бөбекжайы МКҚК Тәрбиешісі: Тұрар Айдына Әсенқызы Әдіскер:Абдулшәпа Айгерім Айғалишевна
10.50-11.00	4. AR Story Innovators Тақырыбы: «Stories AR» ойындары №43 «Өркен» бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі Түлеубаева Арайлым Мұлдабаевна. Тақырыбы: «Дәстүр мен цифр үндестігі роботпен асық ату» Әдіскер: Ауртығалиева Шынар Ербулатовна
11.00-11.10	5. AI-Edи Solutions тобы Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллектті тиімді пайдалану» №18 «Балшырған» бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі Дүбәнғалиева Альбина Пантеевна, әдіскер: Мұқтарова Әсем Адайқызы
11.15-11.30	6. AI-Integratіon шебері Тақырыбы: «Аманат» жеке балабақшасының тәрбиешісі Мұқатова Януэл «Біртүрлі тәрбие жүйесіндегі жасанды интеллектті тиімді пайдалану»
11.35 -11.45	7. «AI Fun Times» «Ынтықпадар бөбекесі» педагогтар арасындағы интеллекттің ойын №15 "Ақбота" бөбекжайы МКҚК қазақ тілі мұғалімі Болдажанқызы Н. және педагог-асистент Сақипова Д.Д.
11.45-11.53	8. AI StoryMaker студиясы Тақырыбы: «Менің қиялымдағы ертегі» кітап жасау жолы шеберлік сыныбы. Наррі kids" жеке балабақша Тәрбиешілер: Кенжебаева Анар Гизатовна, Қайыржан Сәнім Бекжанқызы
12.00-12.10	9. Digital Kids Gamelab шеберлері Тақырыбы: «Балшырған арнаған цифрлық ойындар» шеберлік сыныбы, №34 "Балабай" бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі Ахметова Данаул Қуанышқызы
12.15-12.25	10. AI Book Creator командасы Тақырыбы: «AI негізінде e-book әзірлеу: мастер-класс» Галимова Нұрзия Қылығалиқызы, "JAYO GARDEN" ЭМО тәрбиешісі
12.25-12.40	11. SmartPlay OR Lab Тақырыбы: «SmartPlay OR: ЖИ ойындар әлемі» №5 «Сәулелік» бөбекжайы тәрбиешісі Түлеубаева Альбина Түлегеновна, Досанова Гүлзада К.
12.40-12.45	12. Тақырыбы: «Mentor Fortіna/Сәттілік Фортунасы» №5 «Сәулелік» бөбекжайы әдіскері: Сырдымова Сания Казиевна, дефектолог: Қарабаева Әсем Орынбасарқызы
12.45-13.00.	13. Digital Fіnale: «Самға» қауымдастығынан ән «Жас маман»
	14.Кері байланыс: «Who'slar» әдіскер Сырдымова С.К.

ХАТТАМА №1

Тақырыбы: «Жасанды интеллект: теориядан – практикаға» қалалық семинар-практикум

Өткізілген күні: 21 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК

Қатысқандар: ҚББ әдіскері Адиева Ж.С., «Самға» желілік қауымдастығының модераторы А.А. Тапауова және әдіскерлері, 1,2,3,4,6,7,8,9,10,11,12, 13, 14, 16, 17,19,20 бөбекжайлар, "Аманат", "Happy kids", "Алмаз-L", АО "Талап", "Алина", "Айлин", "Айлин-4", "Айлин-6", "Вундеркинд" жеке балабақшасы тәрбиешілері

Семинар мақсаты:

Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесінде қолданудың тиімді жолдарын көрсету, педагогтар арасында тәжірибе алмасу алаңын құру, жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, цифрлық дағдыларын дамыту, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне заманауи цифрлық құралдарды тиімді енгізу арқылы оқу-тәрбие сапасын жетілдіру.

КҮН ТӘРТІБІ

1.Алғы сөз: ҚББ әдіскері Ж.С. Адиева, «Самға» қауымдастығы модераторы А.А. Тапауова, №5 «Сәуле» бөбекжайының меңгерушісі Р.С. Куанышкалиева

2.«Әуенді сәлем» музыкалық нөмірі

Орындаушылар: Серғалиева А.Е., Гусманов Т.Е.

3.Тренинг: «AI Emotions»

Жүргізуші: педагог-психолог Маликова Кунсулу Ербахитовна

4.Тақырып: «Қиял мен технология түйіскен сәт: 3D мультфильм мен ертегі жасау өнері»

№15 «Ақбота» бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Наргиза, педагог-ассистент Сакипова Динара Дайыровна

5.Тақырып: «Жасанды интеллект — ақылды көмекші»

№36 «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Маханаева Динара Нурбатыровна, педагог-психолог Кабесова Альбина Ерболовна

Тақырып: «Бөбекжайда цифрлық серіктес: жасанды интеллектті ойын мен оқуға енгізу»

Әдіскер Ихсанова Гульнара Есмагуловна

6.Тақырып: «Бөбекжайда цифрлық серіктес: жасанды интеллектті ойын мен оқуға енгізу» №41

«Ақ тілек» бөбекжайы тәрбиешісі Тұрар Айдана Әсенқызы және әдіскер Абдушева Айгерим Айғалиевна

7.Тақырып: «Stories AR» ойындары №43 «Өркен» бөбекжайы Тәрбиеші Тулеубаева Арайлым Мұлдабаевна

Тақырып: «Дәстүр мен цифр үндестігі: роботпен асық ату». Әдіскер Артығалиева Шынар Ербулатовна

8.Тақырып: «Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллекті тиімді пайдалану»

№18 «Балдырған» бөбекжайы Тәрбиеші Джубанчалиева Альбина Пангереевна, әдіскер Мұқтарова Әсем Адайқызы

9.Тақырып: «Біртұтас тәрбие жүйесіндегі жасанды интеллекті тиімді пайдалану»

«Аманат+» жеке балабақшасы Тәрбиеші Мукатова Янгуль

10.«Білімпаздар бәсекесі» – педагогтар арасындағы интеллектуалды ойын

№15 «Ақбота» бөбекжайы Қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Н., педагог-ассистент Сакипова Д.Д.

11.Тақырып: «Менің қиялымдағы ертегі» (кітап жасау жолы) «Happy Kids» жеке балабақшасы. Тәрбиешілер: Кенжебаева Анар Гизатовна, Қайыржан Сәнім Бекжанқызы

12.Тақырып: «Балаларға арналған цифрлық ойындар»

№34 «Балбұлақ» бөбекжайы Тәрбиеші Ахметова Данагул Куанышқызы

13.Тақырып: «AI негізінде e-book әзірлеу» Галимова Нурзия Қыдырғалиқызы, "JAIYQ GARDEN" ЭМО тәрбиешісі

14.Тақырып: «SmartPlay QR: ЖИ ойындар әлемі» №5 «Сәуле» бөбекжайының тәрбиеші

Траисова Альбина Тулегеновна, Досанова Гульзада К.

15.Тақырып: «Magic Fortuna / Сәттілік Фортунасы»

№5 «Сәуле» бөбекжайы Әдіскер Срымova Сания Казиевна, дефектолог Қарабаева Әсем Орынбасарқызы

16. Digital Finale «Самға» қауымдастығының әдіскерлері. Ән «жас маман»

17. Кепі байланыс: «Wooclar» әдіскер Срымова С.К.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Семинардың ашылуы

Қалалық семинар-практикумды ҚББ әдіскері Ж.С. Адиева және №5 «Сәуле» бөбекжайының меңгерушісі Р.С. Куанышкалиева ашты. Олар қатысушыларды құттықтап, семинардың маңыздылығын атап өтті, жасанды интеллекттің мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзекті рөлі жөнінде кіріспе сөз сөйледі. Семинарға қатысушы педагогтарға табысты жұмыс, жаңа тәжірибе мен идеялар алу тілегі білдірілді. Семинардың негізгі мақсаты – жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне тиімді енгізу, тәжірибе алаңын құру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру екені атап өтілді.

2. Музыкалық нөмір

Музыка жетекшілері Серғалиева А.Е. және Гусманов Т.Е. дайындаған «Әуенді сәлем» музыкалық композициясы ұсынылды.

3. Тренинг: «AI Emotions»

Тренингті педагог-психолог Маликова Кунсулу Ербахитовна жүргізді.

Алдымен жүргізуші ChatGPT платформасы арқылы бір сөйлеммен өзін таныстырып, семинар қатысушыларын да дәл сол форматта жасанды интеллект көмегімен қысқаша танысуға шақырды. Одан кейін қатысушылар «ЖИ арқылы жасалған көңіл күй» атты интерактивті бөлікке қатысты. Тренинг барысында әр қатысушыға эмоция бейнеленген суреттер ұсынылып, олар осы эмоцияны қайталап көрсету арқылы топтың жалпы көңіл күйін көтеруге бағытталған жаттығулар орындады. Бұл жұмыс педагогтардың эмоционалдық әсерді тану дағдысын дамытып, жасанды интеллекттің психологиялық тренингтердегі мүмкіндіктерін тәжірибе жүзінде сезінуге мүмкіндік берді.

4. Тақырып: «Қиял мен технология түйіскен сәт: 3D мультфильм мен ертегі жасау өнері»

Семинардың келесі бөлімі №15 «Ақбота» бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Наргиза мен педагог-ассистент Сакипова Динара Дайыровна арқылы өткізілді. Баяндамашылар Capilot платформасы және Gemini құралдарын пайдаланып, балаларға арналған мультфильм мен ертегі жасаудың практикалық тәсілдерін көрсетті. Қатысушылар қиял мен технологияның үйлесімділігін тәжірибе жүзінде көріп, ертегінің желісін құрастырудан бастап кейіпкерлердің 3D моделін жасауға дейінгі кезеңдермен танысты.

5. Тақырып: «Жасанды интеллект — ақылды көмекші»

Семинар бағдарламасының келесі бөлімі №36 «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Маханаева Динара Нурбатыровна, педагог-психолог Кабесова Альбина Ерболовна және әдіскер Ихсанова Гульнара Есмагуловна өткізді.

Баяндамашылар жасанды интеллекттің балалардың білім алу процесін қолдаудағы рөлін таныстырып, «ақылды көмекші» ретінде қолдану әдістерін көрсетті. Семинардың практикалық бөлімі аясында қатысушыларға animated drawing әдісі ұсынылды.

Педагогтар балаларға арналған анимациялық суреттерді жасау жолдарын таныстырып, ЖИ құралдарын пайдаланып қозғалысты бейнелеу, кейіпкерлердің эмоциясын көрсету, интерактивті контент құру әдістерін көрсетті. Қатысушылар өз тәжірибелерінде анимациялық сурет жасауды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқыту процесін қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік алды.

6. Тақырып: «Бөбекжайда цифрлық серіктес: жасанды интеллектті ойын мен оқуға енгізу»

Семинар бағдарламасының келесі бөлімі №41 «Ақ тілек» бөбекжайының тәрбиешісі Тұрар Айдана Әсенқызы және әдіскер Абдушева Айгерим Айғалиевна балалармен жұмыс барысында жасанды интеллект құралдарын ойын және оқу процесіне енгізудің практикалық әдістерін көрсетті. AI (жасанды интеллект) құралдарын қолдану арқылы қатысушылардың жұмысы мен тапсырмаларын ұйымдастырудың тиімді жолдары көрсетілді. Қатысушыларға тәжірибе ретінде тапсырмалар екі нұсқада ұсынылды. ҮІӘ жоспарын жасанды интеллект платформасы арқылы дайындау және дәстүрлі әдіс арқылы.

Практикалық тәжірибе нәтижесінде педагогтарға ЖИ арқылы жұмыс істеу дәстүрлі әдіспен салыстырғанда тиімді және уақыт үнемдейтінін көрсету мақсатында талқылау жүргізілді.

7. Тақырыбы: «Stories AR» ойындары №43 «Өркен» бөбекжайының тәрбиешісі Тулеубаева

Арайлым Мулдабаева қатысушыларға AR технологиясы арқылы балалардың танымдық, логикалық және сөйлеу қабілеттерін дамыту, ойын арқылы қызығушылықты ояту әдістерін

көрсетті.

Педагогтар AR (Augmented Reality) және VR (Virtual Reality) технологияларының мәні мен практикалық қолдану жолдарымен таныстырды. Баяндамашы жасалу жолын таныстырып, Canva, CapCut, AI Stories, Animate қосымшалары арқылы балаларға арналған интерактивті контент жасаудың практикалық әдістерін көрсетті. Кітаптағы суреттерді телефон арқылы сканерлеу кезінде 3D модельдер, аудио және бейне қосу арқылы абстрактілі ұғымдарды нақтылау, қауіпсіздік тәжірибесі арқылы әлемді тану және эмоционалды-когнитивті дамуға әсері талқыланды.

Әдіскер Артығалиева Шынар Ербулатовна семинарда балалардың ұлттық дәстүрлерін цифрлық технологиямен үйлестіру жолдары көрсетілді. Өз қолдарымен жасалған робот арқылы асық ату ойыны өткізілді, бұл балалардың логикалық ойлау, моторика және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, роботты басқару және оның әрекеттерін бақылау арқылы балалар технологиялық процесті түсіну, эксперимент жасау және қауіпсіздік дағдыларын игеру тәжірибесін алды. Бұл тәсіл дәстүрлі ойын элементтері мен заманауи цифрлық шешімдердің үйлесімділігін көрсетті, педагогтарға инновациялық әдістерді балалармен тәжірибеде қолданудың практикалық үлгісін ұсынды.

8. Тақырып: «Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интелекті тиімді пайдалану»

Семинар бағдарламасының келесі бөлімі №18 «Балдырған» бөбекжайының тәрбиешісі Джубанчалиева Альбина Пангереевна және әдіскер Мұқтарова Әсем Адайқызы қатысушыларға жасанды интелект құралдарын мектепке дейінгі ұйымдарда тиімді қолданудың әдістері көрсетілді: балалармен оқу және ойын процесінде ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті тапсырмалар жасау және педагогикалық тәжірибеде қолдану жолдары таныстырылды. Сонымен қатар Runway платформасы арқылы балаларға арналған интерактивті контент жасау әдістері таныстырылды. AR құралдары арқылы көру, есту, зейін, ойын элементтері мен визуалды тартымдылықты қолдану жолдары көрсетілді. Кітаптағы суреттерді сканерлеу арқылы 3D модельдер, аудио және бейне қосу мүмкіндігі, сондай-ақ балалардың эмоционалды және когнитивтік дамуына әсері талқыланды.

9. «Біртұтас тәрбие жүйесінде жасанды интелекті тиімді пайдалану»

Семинарда «Аманат+» жеке балабақшасының тәрбиешісі Мукатова Янгүль балалармен біртұтас тәрбие жүйесінде жасанды интелект құралдарын тиімді қолдану әдістерін таныстырды. Қатысушыларға Nailio Up немесе Kling Up платформалары арқылы видео жасау, оқу, ойын және шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру жолдары көрсетілді. Бұл балалардың когнитивтік, элеуметтік және шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

10. «Білімпаздар бәсекесі» – педагогтар арасындағы интеллектуалды ойын

Семинарда №15 «Ақбота» бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Н. және педагог-ассистент Сакипова Д.Д. педагогтар арасында интеллектуалды ойын – «Білімпаздар бәсекесін» ұйымдастырды.

Ойын ЖИ платформасы арқылы жүргізіліп қатысушылардың білім деңгейі, шығармашылық ойлау және командалық жұмыс дағдылары бағаланды, ойын арқылы тәжірибе алмасу мүмкіндігі қаралды.

11. «Менің қиялымдағы ертегі» (кітап жасау жолы)

Семинарда «Happy Kids» жеке балабақшасының тәрбиешілері Кенжебаева Анар Гизатовна және Қайыржан Сәнім Бекжанқызы балаларға арналған цифрлық және дәстүрлі әдістерді біріктіре отырып кітап жасау жолын көрсетті.

Қатысушыларға өздері шығарған ертегіні Gemini платформасы арқылы кітапқа айналдыру әдісі үйретілді. Бұл балалардың қиялын дамытуға арналған визуалды және мультимедиялық құралдарды қолдану тәжірибесін қамтиды, сондай-ақ педагогтарға интерактивті контент құру және шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру жолдарын көрсетті.

12. «Балаларға арналған цифрлық ойындар»

Семинарда №34 «Балбұлақ» бөбекжайының тәрбиешісі Ахметова Данагул Қуанышқызы балаларға арналған цифрлық ойындарды ұйымдастыру әдістерін таныстырды.

Қатысушыларға Stop Watch платформасын пайдаланып жас мамандарды таңдап, ойынға шығару, пішіндерді үлкейткіш әйнер арқылы табу және QR арқылы тапсырмаларды орындау жолдары көрсетілді.

Бұл әдіс педагогтар платформаның мүмкіндіктерін қолдана отырып балалардың қызығушылығын арттыру, уақытты тиімді пайдалану және интерактивті оқу элементтерін енгізу тәжірибесін меңгерді.

13. «AI негізінде e-book әзірлеу»

Семинарда Галимова Нурзия Қыдырғалиқызы, «JAIYQ GARDEN» ЭМО тәрбиешісі, AI құралдарын пайдаланып балаларға арналған e-book (кітап) жасау әдістерін таныстырды. Қатысушыларға цифрлық контентті жоспарлау, мәтіндік және визуалды материалдарды біріктіру, интерактивті элементтер қосу арқылы электронды кітап жасау, сондай-ақ Gemini немесе басқа ЖИ платформалары арқылы визуализациялау тәжірибесі ұсынылды. Қатысушыларға өзі жасаған жинақ кітаптарын алып келіп таныстырды.

14. Тақырып: «SmartPlay QR: ЖИ ойындар әлемі» №5 «Сәуле» бөбекжайының тәрбиеші Траисова Альбина Тулегеновна, Досанова Гульзада К. Баяндамашылар семинарға қатысушыларды SmartPlay QR платформасының мүмкіндіктерімен таныстырды. Ең алдымен олар жасанды интеллект арқылы әзірленген оқу және ойын материалдарын бір QR-кодқа жинақтап қатысушыларға үлестірді. Бұл әдіс педагогтар үшін материалдарды жүйелеуде, тапсырмаларды жылдам үлестіруде және оқу процесін жеңілдетуде үлкен тиімділік беретінін атап өтті. Тәрбиешілер өздері дайындап келген ЖИ көмегімен жасалған цифрлық жинақтарды QR-код арқылы таратып, қатысушыларға оны ашып көруді ұсынды. Әрбір QR ішінде бірнеше ойын, тапсырма, визуалды материал және интерактивті сұрақтар топтастырылғаны көрсетілді. Сонымен қатар олар SmartPlay платформасындағы бірнеше онлайн ойындарды таныстырып, олардың баланың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтауын, жылдам әрекет ету дағдырын дамытуда маңызы зор екенін түсіндірді. Ойын барысында цифрлық тапсырмалардың баланың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатыстыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

15. Тақырып: «Magic Fortuna / Сәттілік Фортунасы»

№5 «Сәуле» бөбекжайының әдіскері Срымова Сания Казиевна және дефектолог Қарабаева Әсем Орынбасарқызы Wordwall платформасында жасалған интерактивті «Magic Fortuna» ойынын таныстырды. Спикерлер жасанды интеллект көмегімен әзірленген сандық «Фортуна дөңгелегін» пайдаланып, бүгінгі семинарға арнайы әзірленген шағын сыйлықтар тарту етті. Сонымен қатар семинардың қорытынды бөлімінде «Самға» қауымдастығының әдіскерлері арнайы дайындаған цифрлық финалдық презентациясын ұсынды. Қатысушыларға жас мамандарға арналған «Жас маман» әні орындалды. Бұл финал семинардың шығармашылық және жоғары технологиялық рухын айқындай түсті.

Кері байланыс

Қатысушылар «Wooslar» арқылы кері байланыс жүргізді. 1–5 шкала бойынша семинардың мазмұны, тиімділігі және қолданбалық құндылығы бағаланды. Қатысушылар семинарды жоғары деңгейде өтті деп бағалады.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР

1. Жас мамандарға мектепке дейінгі ұйымдарда ЖИ құралдарын тәжірибеде қолдануды жалғастыру.
2. Семинар материалдары қатысушыларға электронды түрде таратылсын.
3. ЖИ бағытында жыл сайын қалалық семинар-практикум өткізілсін.
4. Цифрлық сауаттылықты арттыру үшін ЖИ бағытындағы тренингтер мен шеберлік сабақтарына қатысу.
5. Семинарда таныстырылған платформаларды (Gemini, Runway, Wordwall, Stop Watch, SmartPlay QR, Wooslar және т.б.) өз жұмысында пайдалану.
6. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшелігіне сай ЖИ құралдарын оқу іс-әрекетінде кезең-кезеңімен енгізу.
7. Белсенді қатысқандарды қолдау және кәсіби дамуын жалғастыруға жағдай жасау.

Тораға:

Куанышкалиева Р.С.

Хатшы:

С.К. Срымова